



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

28.06.2017ж.

Костанай қаласы

№ 346

город Костанай

### Банкроттық басқарушысын тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес, «Тактик 20000» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (бұдан әрі - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2015 жылғы 02 желтоқсандағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2017 жылғы 16 маусымдағы «Тактик 20000» ЖШС-ның кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мурзахан Сыпсынбаевич Сагитов «Тактик 20000» ЖШС-ның (БСН 130240016970) банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес М.С. Сагитовқа банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы М.С. Сагитов «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшысының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы

А. Паяев



011993